

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» «Демеу» әлеуметтік қызмет орталығы КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді бастау туралы

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Демеу» әлеуметтік қызмет орталығы (бұдан әрі – Орталық) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **2025 жылғы 09 маусым мен 09 шілде** аралығында басқарманың қызметінде келесі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жоспарланғанын хабарлайды:

1) талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;

3) мүдделер қақтығысын реттеу;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету;

5) рұқсат беру функцияларын іске асыру;

6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;

7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен әкімшілік кедергілер туралы мәліметтер, сондай-ақ талданатын саланы жетілдіру бойынша ұсыныстар болған жағдайда, **2025 жылғы 09 маусымға** дейін ақпаратты келесі электрондық поштаға жіберуді сұраймыз centrdemeu@mail.ru, WhatsApp – 8 747 534 94 30.

Келіп түскен ақпарат сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін пайдаланылатын болады. Құпиялылық пен анонимділікке кепілдік беріледі.

Сұрақтар туындаған жағдайда 87013824728, 8 775 421 1270 телефондары бойынша хабарласуға болады.